ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 26 қаңтар № 5165-25-00-2/3895 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.И. Оңласов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«MS-Plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру
3. Төленген соманы өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

«MS-Plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«MS-Plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 44 566,36 (Қырық төрт мың бес жүз алпыс алты) теңге 36 тиын тұрақсыздық айыппұл, 1 114 159,20 (Бір миллион бір жүз он төрт мың бір жүз елу тоғыз) теңге 20 тиын төленген сома және 34 761,70 (Отыз төрт мың жеті жүз алпыс бір) теңге 70 тиын мемлекеттік баж өндірілсін.

«MS-Plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (Бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 26.01.2026
Заңды күшіне енген күні: 02.03.2026, судья Оңласов М.И., 02.03.2026
5165-25-3-1/3871

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **М.И. Оңласов**

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 26.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 02.03.2026, судья Оңласов М.И., 02.03.2026

5165-25-3-1/3871